



# **СТУДЕНТТЕРМЕН ЖҮРГІЗІЛЕТІН ТӘРБИЕ ІС ШАРАЛАРЫНЫҢ НЕГІЗГІ БАҒЫТТАРЫ**

**Орындаған: Усманова Айжамал  
Серикбай Айнагул  
Сериков Дарын**

- Тәрбие саласы мемлекеттік саясаттың білім беру саласындағы басым бағыттарының бірі болып табылады. Жоғары оқу орнында жастардың тұлға ретінде қалыптасу мәселелері студенттік топтардағы тәрбие жұмысының тиімді жүйесінсіз жүзеге асуы мүмкін емес. Мұнда студенттердің аса маңызды өзін-өзі тануы, қарым-қатынас, басқа тұлғаларды бағалау, тұлға ретінде өзіне баға беру сияқты әлеуметтік қажеттіліктері жүзеге асырылады. Топтың бірлігіне, оның мүшелерінің арасындағы өзара қарым-қатынас, көшбасшылардың беделі көптеген жағдайда оның ұжым ретіндегі даму деңгейіне байланысты болады, яғни әрбір студенттің тұлғалық әлеуметтену үдерісіне тиімді ықпал етеді. Сондықтан да топ университеттің бүкіл оқытушылар ұжымының жүзеге асыратын тәрбие жұмысының негізгі нысаны болуы тиіс



- Куратор-эдвайзердің тәрбие қызметінің аса маңызды бағыттары жастардың әлеуметтік-тұрмыстық және бос уақытты ұтымды өткізу мәселелерін шешу барысында көмек көрсету, студенттік топта достықты, қайырымдылықты, бірлікті, өзара қолдауды қалыптастыру, бірегей жоғары оқу орны қауымдастығының оқытушылары мен студенттеріне қатыстылығын сезіндіру, бірыңғай әрі біріктіріле ұйымдасқан мәдениетке, жүйеге және көзқарастар мен қиындықтарға тиістілігін ұғындыру болып табылады



- Сондай-ақ кураторлар білім алушылардың тұлға ретінде қалыптасуына ықпал ету мақсатында ұйымдастырушылық және коммуникативтік қабілеттерді, оқу-тәрбие материалын оңтайлы үйлестіре білу дағдыларын талап етеді. Студенттермен жүргізілетін тәрбие жұмысы шығармашылық жұмыс болып табылады, бірақ аталған жұмыстың креативтілігі тәрбие саласы қызметінің нақты негізгі бағыттарын және мазмұнын анықтайтын жүйеде көрініс табуы тиіс.



- Ақпараттық және диагностикалық мәліметтерді алу үшін тәлімгерлер жазбаша сауалнама, оқытушылармен, ата-аналармен, студенттермен әңгімелесу, студенттердің құжаттарын талдау, қадағалау, социометрия, сауалнамалар сияқты әдістердің кешенін пайдаланады. Сондықтан, куратор-эдвайзерлер топтардағы тұлғааралық қарым-қатынастарды зерттеудің социометрикалық әдісін қолданып, мүмкіндігінше жеткіліксіз қабілеттерін арттыруға тырысады.
- Куратор-эдвайзерлер топтарда жағымды әлеуметтік-психологиялық орта (климат) қалыптастыруға тырысады. Бұл бағытта Дж. Морено әзірлеген социометрикалық техниканы тұлғааралық және топаралық қарым-қатынастарды айқындап, оларды өзгерту, жақсарту және жетілдіру үшін қолдануда. Социометрияның көмегімен студенттік топ мүшелерінің әлеуметтік-психологиялық сәйкестілігі туралы мәлімет алып, оңтайлы орта және жеке тұлғалардың жан-жақты өркениетті жетілуіне ықпал етуге тырысуда.



## ТӘРБИЕ ЖҰМЫСТАРЫНЫҢ ҚҰРЫЛЫМЫ

- Тұлғаны социализациялау
- Тәрбиенің қолайлы ортасын құру
- Тәрбие жүйесін қалыптастыру
- Жаңа қоғамда өмір сүруге қажетті тұлғаның әлеуметтік құнды қасиеттерін қалыптастыру
- Жеке тұлғаның әлеуметтік бейімделуі
- Тұлғаның кәсіби бағдары
- Тұлғаның рухани-адамгершілік қасиеттерін қалыптастыру
- Тұлғаның рухани-адамгершілік қасиеттерін қалыптастыру



## ТӘРБИЕ ЖҰМЫСЫНЫҢ НЕГІЗГІ БАҒЫТТАРЫ

- Рухани-адамгершілік. Маманның рухани-адамгершілік мәдениетін әлеуметтік – маңызды тұлғалық қасиеттердің барлық жүйесінің кемелденуі мен дамуының көрінісі ретінде сипаттауға болады.
- Қоғамдық-саяси және құқықтық. Маманның қоғамдық-саяси және құқықтық мәдениеті оның белсенді өмірлік ұстанымының, кемелденген идеялық-саяси көзқарастары мен нанымдарының болуын, Қазақстан Республикасының негізгі заңдары мен заңнамалық актілерін білуін білдіреді.



- Патриоттық және ұлтаралық. Этносаралық ықпалдастықты дамыту және Қазақстан Республикасы азаматтарының жалпы ұлттық сана-сезімін қалыптастыру жоспарында жастардың бойында Қазақстанның басқа халықтарының патриотизмімен кіріктірілген қазақстандық патриотизмді қалыптастыру маңызды орын алады.
- Кәсіптік. Осы бағыт бойынша жұмыстың маңызды заңдылығы болашақ маман ретінде Студенттің тұлғасына әкімшілік, педагогикалық, ғылыми, отбасылық және қоғамдық Ықпал етудің түпкі мақсаттары мен міндеттері бойынша Бірлік болып табылады. Таныту үшін осы заңдылықтар, өте маңызды іс-әрекеттерін үйлестіру педагогтардың оқу процесі барысында және аудиториядан тыс іс-шаралар.





- Жоғары оқу орнының оқытушысы, тәлімгері ретінде басты мақсатымыз жастардың тұлғалық дамуының үйлесімділігін қалыптастыру, студенттерді азаматтық белсенділікке тәрбиелеу, білім алушылардың мамандықтың жұмыс оқу жоспары аясында білім алу траекториясының таңдамалығы негізінде өзін-өзі қалыптастыру және өзін-өзі көрсету қабілеттерін дамыту болып отыр. Сонымен қатар, оқу тобында тәрбие жұмысын ұйымдастыру, өзін-өзі басқаруды қалыптастыру және студенттерді/интерндерді университеттің қоғамдық және шығармашылық өміріне белсенді қатысуға ықпал ету және оқу кезеңі барысында білім алу бағдарламаларын меңгерту болып табылады.

